

## Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 2013 жылғы 12 желтоқсандағы № 190 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 25 желтоқсанда № 4369 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 2014 жылғы 28 қарашадағы № 273 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 28.11.2014 № 273 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңының 16-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Меңдіқара аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды (бұдан әрі - кемтар балалар) үйде оқытуға жұмсаған шығындары (бұдан әрі - оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу) жеке оқыту жоспары бойынша ай сайын алты айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өндіріп алынсын.

2. Мыналар :

1) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу "Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүргізіледі;

2) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үйде оқытылатын кемтар балалардың ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне (бұдан әрі - алушы) ұсынылады ;

3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін алушы мынадай құжаттарды :

өтініш ;

алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;  
кемтар балалар үшін – баланың туу туралы куәлігінің көшірмесін;  
тұрғылықты тұрақты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;  
психологиялық - медициналық - педагогикалық консультацияның

қ о р ы т ы н д ы с ы н ;

мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесін;  
банктегі шоттың бар болуы туралы құжаттың көшірмесін;  
үйде оқытылатынын растайтын құжатты ұсынады;

4) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тиісті оқу жылы ағымында жүргізіледі, әрбір кемтар балаға (балаларға) ай сайын көрсетіледі деп а й қ ы н д а л с ы н .

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және өз әрекетін 2013 жылғы 2 қыркүйектен бастап туындаған қатынастарға таратады.

*Сессия төрағасы*

*М. Дубенюк*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*В. Леонов*

*КЕЛІСІЛДІ*

*"Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы*

\_\_\_\_\_ *В. Гребенюк*

*"Меңдіқара ауданының экономика және бюджет жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы*

\_\_\_\_\_ *Г. Айсенова*